

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны «Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Н-АМУ-127-02-25 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
---	---	--

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«18» қыркүйек 2025 жыл

Отырыс форматы: онлайн/оффлайн

Отырыс басталуы: 11:00

Қосылуға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/88547062375?pwd=XPbxY2ROqrS9td3io0etrulLoT2kaC.1>

Отырыс материалдарына сілтеме: <https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/>

Қатысқандар:

1. ОӘБ төрағасы: А.А. Турмухамбетова
2. ОӘБ төраға орынбасары: Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: Ә.К. Досанова
4. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмағамбетова
5. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмағамбетова
6. ОӘБ мүшесі, Стоматологиялық бейіндегі бағдарламалар жобаларын басқару тобының төрағасы: В.Р.Деточкина
7. Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес төрағасы В.В. Койков онлайн (шақыру бойынша)
8. ОӘБ хатшысы: А.М. Текебаева

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 61 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ негізгі құрамы, Секциялардың, Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің құрамын өзектендіру және бекіту, 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ, Секциялар, ЖБТ жұмыс жоспарларын бекіту - баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С.

2. Базалық пәндер бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру: мәселелері, шешу жолдары - баяндамашы Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білімі мен дағдыларын бағалау басқармасының басшысы К.К. Досмағамбетова.

3. Білім беру бағдарламаларын түлектерін, интернатура, резидентура түлектерін тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру: мәселелері, шешу жолдары - баяндамашы Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білімі мен дағдыларын бағалау басқармасының басшысы К.К. Досмағамбетова.

4. Әр түрлі:

4.1 Оқулықтарды бекіту туралы - баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры, Мұрат Әсел:

- «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж.145бет.
- «Балалардағы құлақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж. 237бет.
- «Медицина чрезвычайных ситуаций и катастроф» оқулық/ Джайнакбаев Н.Т. –Алматы

2025ж.303бет.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны «Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Н-АМУ-127-02-25 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
---	--	--

- «Общественное здоровье и здравоохранение» оқулық т.1,2/Ахметов В.И., Камалиев М.А., Куракбаев К.К., Дюсенов Р.С., Бримжанова М.Д. –Алматы 2025ж. 1 том – 319бет, 2 том – 371бет.

- «Биоорганикалық химия» оқу құралы/Ділмағамбетов С.Н. Ғұмарова Ж.Ж. –Ақтобе, 2025ж. 203бет.

1-сұрақ.

2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ негізгі құрамы, Секциялардың, Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің құрамын өзектендіру және бекіту, 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ, Секциялар, ЖБТ жұмыс жоспарларын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ негізгі құрамы, Секциялардың, Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің құрамын өзектендіру және бекіту, 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ, Секциялар, ЖБТ жұмыс жоспарлары бойынша ОӘБ төраға орынбасары Б.С. Имашева баяндады (презентация қоса беріледі).

СҰРАҚТАР:

«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмағамбетова: Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен білім беру бағдарламаларының үлгілік бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау шеңберінде бейіндік интернатураның білім беру бағдарламаларын талқылау қажеттілігі туралы. *ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова:* Қоғамдық денсаулық мамандарын және денсаулық сақтаудың өзге де мамандарын даярлау бағдарламасының жобаларын басқару тобын «М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-ның төрағалық етуімен беру туралы.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, ОӘБ төраға орынбасары Б.С.Имашева, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Н.А. Абенова.

ШЕШІЛДІ:

2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ негізгі құрамы (1 қосымша), Секциялардың (2 қосымша), Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің (3 қосымша) құрамы бекітілсін. 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ, Секциялар, ЖБТ жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **61** дауыс

«қарсы» - жок

«қалыс қалды»- жок

2-сұрақ.

Базалық пәндер бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру: мәселелері, шешу жолдары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Базалық пәндер бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау нәтижелерін: мәселелері, шешу жолдары туралы Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білімі мен дағдыларын бағалау басқармасының басшысы К.Қ. Досмағамбетова баяндады (презентация қоса беріледі).

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны «Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Н-АМУ-127-02-25 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
---	--	--

СҰРАҚТАР:

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова: Тәуелсіз емтиханды FSP, USMLE сияқты халықаралық емтихан деңгейіне келтіру мүмкіндігі туралы. Пилоттық бағалау және түпкілікті тәуелсіз емтихан нәтижелері ҰТЕО-ға жоғары оқу орындарына талдау ұсынуға мүмкіндік береді.

«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмағамбетова: Өзін-өзі бағалау кезінде болған және тәуелсіз бағалау кезінде қайта енгізілген сұрақтардың пайызы туралы. ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын оқытудың бірыңғай нәтижелерін (білімін, іскерлігін, дағдыларын) бекітуі.

«Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ жоғары медицина мектебінің директоры С.К. Муратбекова: Өзін-өзі бағалау және тәуелсіз бағалау ережелерін бөле отырып, тәуелсіз емтихан өткізу ережелерін әзірлеу және бекіту туралы.

ТҮСІНІКТЕМЕ:

«ҚМУ» КеАҚ Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор В.П.Риклефс: GRA деңгейімен 3 курстан кейін білім алушылардың тәуелсіз емтихан нәтижелерінің корреляциясы - 0,5-0,6 құрады. Мүмкін ЖОО-лар алынған деректерді дұрыс түсіндіру және тиісті шаралар қабылдау үшін әрбір білім алушы бойынша тәуелсіз емтихан бойынша бастапқы деректерді ҰТЕО-нан алуы тиіс.

ШЕШІЛДІ:

1. РОӘК ОӘБ жоғары білім беру секциясына 3-курсты аяқтағаннан кейін білім алушыларды тәуелсіз бағалау үшін «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың базалық құзыреттерін және тиісті нәтижелерін айқындау. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қазан айы.**

2. РОӘК ОӘБ жоғары білім беру секциясы ҰТЕО-мен бірлесіп «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары бойынша базалық пәндерді меңгеруді аяқтағаннан кейін білім алушыларды бағалауды жүргізу үшін базалық құзыреттерге және тиісті оқыту нәтижелеріне негізделген тесттердің техникалық ерекшеліктерін әзірлеу. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қазан айы.**

3. РОӘК ОӘБ жоғары оқу орындарымен бірлесіп 2024-2025 оқу жылында тәуелсіз емтихан өткізу қорытындыларын талдау негізінде «Тәуелсіз емтихан өткізу қағидаларын» (нұсқаулықтар, рәсімдер, регламент) әзірлесін және бекітсін. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың желтоқсан айы.**

4. РОӘК ОӘБ жоғары білім беру секциясына 2025-2026 оқу жылының 3-курсын аяқтағаннан кейін білім алушыларға тәуелсіз бағалау жүргізу үшін сұрақтардың жалпы санын, дұрыс жауаптар санының шекті мәнін, өткен жылдың нәтижелері негізінде шекті балл ала алмаған білім алушылардың қайта тапсырулар санын анықтау. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қараша айы.**

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **58 дауыс**

«қарсы» - жок

«қалыс қалды»- жок

3-сұрақ.

Білім беру бағдарламаларын түлектерін, интернатура, резидентура түлектерін тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру: мәселелері, шешу жолдары.

ТЫНДАЛДЫ:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны «Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Н-АМУ-127-02-25 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
---	---	--

Білім беру бағдарламаларын түлектерін, интернатура, резидентура түлектерін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша: мәселелері, шешу жолдары туралы Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білімі мен дағдыларын бағалау басқармасының басшысы К.Қ. Досмамбетова баяндады. (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

«University Medical Center» корпоративтік қоры, Ғылым және білім департаментінің директоры А.А. Сыздыкова, ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры М.Ұ. Анартаева, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Н.А. Абенова.

ШЕШІЛДІ:

1. РОӘК ОӘБ жоғары білім секциясына бітірушінің құзыреттерін «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс», «Мейірбике ісі», «Фармация», «Қоғамдық денсаулық», «Кинезиотерапия», «Эрготерапия» білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін айқындайды бітірушілерді тәуелсіз бағалау. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қазан айы.**

2. РОӘК ОӘБ жоғары білім беру секциясы ҰТЕО-мен бірлесіп «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс», «Мейірбике ісі», «Фармация», «Қоғамдық денсаулық», «Кинезиотерапия», «Эрготерапия» білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілерді бағалауды жүргізу үшін түлектің құзыретіне және оқыту нәтижелеріне негізделген тесттердің техникалық ерекшеліктерін әзірлеу. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қазан айы.**

3. РОӘК ОӘБ жоғары білім секциялары 2025-2026 оқу орындарын бітірушілерді тәуелсіз бағалау үшін бейіндік интернатураның білім беру бағдарламалары бойынша бітірушінің құзыреті мен оқыту нәтижелерін анықтайды, кейіннен ОӘБ бекіту үшін. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қазан айы.**

4. 2025-2026 оқу жылының бакалавриат, интернатура және резидентура түлектеріне тәуелсіз бағалау жүргізу үшін жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциялары сұрақтардың жалпы санын, дұрыс жауаптар санының шекті мәнін, F- және G- типтегі тест тапсырмаларының санын, өткен жылдың нәтижелерін талдау негізінде кейс-тестинг өткізу үшін нозологиялардың тізбесін анықтау. **Орындалу мерзімі - 2025 жылдың қараша айы.**

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 51 дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

4- Әр түрлі.

4.1 Оқулықтарды бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

С.Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының медициналық білім және ғылым бөлімінің меңгерушісі Мурат Асель баяндады (презентация қоса беріледі). Бекітуге келесі оқулықтар ұсынылды:

4.1.1. «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж.145бет.

4.1.2. «Балалардағы құлақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж. 237бет.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны «Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Н-АМУ-127-02-25 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
---	---	--

4.1.3. «Медицина чрезвычайных ситуаций и катастроф» оқулық/ Джайнакбаев Н.Т. – Алматы 2025ж.303бет.

4.1.4. «Общественное здоровье и здравоохранение» оқулық т.1,2/Ахметов В.И., Камалиев М.А., Куракбаев К.К., Дюсенов Р.С., Бримжанова М.Д. –Алматы 2025ж. 1 том – 319 бет, 2 том – 371бет.

4.1.5. «Биоорганикалық химия» оқу құралы/Ділмағамбетов С.Н. Ғұмарова Ж.Ж. –Ақтобе, 2025ж. 203бет.

ШЕШІЛДІ:

Оқулықтар мен оқу құралдары бекітілсін:

4.1.1. «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж.145бет.

4.1.2. «Балалардағы құлақ аурулары» оқулық/Күлімбетов А.С.-Алматы, 2025ж. 237бет.

4.1.3. «Медицина чрезвычайных ситуаций и катастроф» оқулық/ Джайнакбаев Н.Т. – Алматы 2025ж.303бет.

4.1.4. «Общественное здоровье и здравоохранение» оқулық т.1,2/Ахметов В.И., Камалиев М.А., Куракбаев К.К., Дюсенов Р.С., Бримжанова М.Д. –Алматы 2025ж. 1 том – 319бет, 2 том – 371бет.

4.1.5. «Биоорганикалық химия» оқу құралы/Ділмағамбетов С.Н. Ғұмарова Ж.Ж. –Ақтобе, 2025ж. 203бет.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:


«келісті» - 60 дауыс

«қарсы» - 1 дауыс

«қалыс қалды»- жок.

РОӘК ОӘБ төрағасы

Хатшы



А.А. Турмухамбетова

А.М. Текебаева

